  - если повреждения изделия вызваны несоответствием параметров источников питания и связи соответствующим государственным стандартам;
  - если требования касаются ремонта или замены принадлежностей или быстроизнашивающихся деталей изделия (батареи, кабели, блоки питания и т.п.).
- Гарантия не распространяется на расходные материалы, например: картриджи, лампы, программное обеспечение, фильтры, батареи и т. п. в соответствии с указаниями инструкции по эксплуатации.
- Гарантия не предусматривает чистку изделия, плановое техническое обслуживание и замену расходных материалов и запчастей, пришедших в негодность ввиду нормального износа и / или ограниченного срока службы.
- Настоящая гарантия распространяется на официально поставляемые в Российскую Федерацию, Республику Казахстан и Республику Беларусь изделия, приобретенные для личного использования, не связанного с извлечением прибыли.

Список авторизованных сервис-центров может быть изменен без предварительного уведомления покупателя.

Настоящим Я подтверждаю, что приобрел данное изделие пригодным к эксплуатации, в полном комплекте и с инструкцией по эксплуатации на русском языке.

ФИО покупателя \_\_\_\_\_

Подпись \_\_\_\_\_

## Информация о приобретении изделия:

Модель	
Серийный номер	
Дата передачи	
Подпись продавца / Печать	

## Журнал гарантийных работ:

Дата приема	Дата выдачи	Тип дефекта; описание работ; запасные части	ФИО Инженера; Печать СЦ

Сізге SHARP компаниясының осы ауа тазартқышын сатып алғаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Құрылғыны пайдаланбас бұрын осы нұсқаулықпен мұқият танысып шығыңыз. Бұл нұсқаулықты оны болашақта пайдалану үшін сенімді жерде сақтаған абзал.

## МАЗМҰНЫ


НЕГІЗГІ СИПАТТАМАЛАРЫ .....	1
МАҢЫЗДЫ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫНЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫ .....	2
БӨЛШЕКТЕРДІҢ АТАУЫ .....	4
ДАЯРЛЫҚ.....	7
ПАЙДАЛАНУ .....	8
КҮТІМ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ .....	12
АУЫСТЫРУ .....	16
АҚАУЛЫҚТАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ.....	17
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	19

## Ауа тазартқышты пайдаланбас бұрын осы нұсқаулықты оқып шығыңыз.

Ауа тазартқыш бөлмедегі ауаны Кіру тесігі арқылы сіңіреді, оны құрылғы ішіндегі Алдын ала тазарту сүзгісі, Иіссіздендіретін сүзгі және HEPA-сүзгісі арқылы өткізеді, содан кейін оны Шығу тесігі арқылы шығарады. HEPA-сүзгісі сол арқылы өтетін 0,3 микрон көлеміндегі шаң бөлшектерінің 99,97% жояды, сондай-ақ иістерді сіңіруге көмектеседі. Иіссіздендіретін сүзгі олардың сүзгі арқылы өту шамасына қарай иістерді біртіндеп сіңіреді.

Сүзгімен сіңірілетін кейбір иістер уақыт өтісімен қосымша иістерге бөлшектенеді. Пайдалану талаптарына байланысты, әсіресе құрылғыны кәдімгі тұрмыстық жағдайларға қарағанда, әлдеқайда қатал жағдайда пайдаланған кезде, мұндай иістер күтілетін уақыттан бұрын сезілуі мүмкін. Егер иістер жойылмаса, сүзгіні ауыстырыңыз.

Құбырлық су құрамындағы минералды заттар сүзгіге жабысқан кезде, қатып, ағара бастайды, олар бөлмедегі иістерді сіңіре бастайды, Ылғалдандыру сүзгісі кепкен кезде жағымсыз иіс шығуы мүмкін. (Судың сапасына және қоршаған ортаның өзге де факторларына байланысты) Бұл жағдайда Ылғалдандыру сүзгісіне техникалық қызмет көрсетуді орындаңыз. (Page 13)



• Пайдалану жөніндегі осы нұсқаулықта KI-N41R моделі бейнеленген.

### ЕСКЕРТУ

- Ауа тазартқыш ауадағы шаңды және иістерді жоюға арналған. Ауа тазартқыш темекі түтінің құрамындағы көміртектің монооксиді (иісті газ) секілді зиянды газдарды жоюға арналмаған. Ауа тазартқыш, егер иістің шығу көзін жоймаса, оны толық жоя алмайды.

# НЕГІЗГІ СИПАТТАМАЛАРЫ

Ауаны тазарту технологияларының бірегей үйлесімділігі  
Сүзгілеудің үш есе жүйесі + ылғалдандыру + плазмакластер

## Плазмакластер

Плазмакластер жоғары тығыздылықты 25000

Плазмакластердің тығыздығы неғұрлым жоғары болса, соғұрлым ол тиімді.

Оң және теріс иондардың тең мөлшерін шығару есебіне, Plasmacluster технологиясының көмегімен ауаны тазарту – табиғи процесс.



HIGH-DENSITY 25000\*

ҚАЗАҚША

## Сүзгілеудің үш есе жүйесі + ылғалдандыру

### ШАҢ-ТОЗАҢДЫ СЕЗЕДІ

Алдын ала тазарту сүзгісі көлемі 240 микроннан үлкен шаңды сезеді.

### ИІСТІ АЗАЙТАДЫ

Иіссіздендіретін сүзгі көптеген аса кең таралған тұрмыстық иістерді сіңіреді.

### ҰСАҚ ШАҢ, ТОЗАҢ МЕН ЗЕҢНІҢ МӨЛШЕРІН АЗАЙТАДЫ


HEPA-сүзгісі көлемі 0,3мкм басталатын бөлшектердің 99,97% ұстап қалады.

### ЫЛҒАЛДАҢДЫРАДЫ

Температура мен ылғалдылықты автоматты түрде анықтай отырып, ылғалдылықты қадағалайды.

## Бірегей ауа ағыны

Күшті сіңіру және бірегей ауа ағынының арқасында шаң және басқа да бөлшектер тез әрі тиімді жиналады.



20° бұрышпен иілу арқылы аса жоғары жылдамдықта ауа ағыны бөлменің төмен деңгейіндегі шаңды жинайды, сөйтіп неғұрлым тиімді тазартуды қамтамасыз етеді.

Плазмакластер статикалық электрді болдырмайды, сөйтіп шаңның қабырға мен басқа үстіңгі беттерге жабысуына жол бермейді.

Сақтау талаптары туралы ақпарат
Ұсынылатын сақтау талаптары: Ауа температурасы: - 10 °C - + 40 °C Ылғалдылығы: 70% немесе одан төмен Сақтау мерзімі: шектелмеген.
Кәдеге жарату талаптары туралы ақпарат
Бұйымды кәдеге жарату кезінде сіздің еліңіздің заңнамасымен электр жабдықтарын кәдеге жарату үшін белгіленген тиісті қағидаларды сақтаңыз.
Өткізу талаптары туралы ақпарат
Өткізу қағидалары мен талаптары дайындаушымен белгіленбеген және бұйымды өткізу елінің ұлттық немесе жергілікті заңнамасына сәйкес келуі тиіс.
Тасымалдау талаптары туралы ақпарат
Бұйымды қаптамада тасымалдаған жөн. Бұйымды тік күйінде тасымалду керек. Қаптамада көрсетілген манипуляциялық белгілерді сақтаңыз.



# МАҢЫЗДЫ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫНЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫ

Электр аспаптарын пайдаланған кезде үнемі негізгі қауіпсіздік және сақтық шараларын сақтаңыз, атап айтқанда:

## ЕСКЕРТУ

– Электр тоғымен зақымдалу, тұтану немесе жарақаттану қаупін азайту үшін үнемі келесі қағидаларды сақтаңыз:

- Құрылғыны пайдаланбас бұрын, барлық нұсқаулықтарды оқып шығыңыз.
- Тек кернеулігі 220 – 240 вольт розетканы пайдаланыңыз.
- **Ауа тазартқышты дене, сенсорлық немесе ақыл-ойы шектеулі тұлғалармен (балаларды қоса алғанда), не болмаса қажетті тәжірибесі мен білімі жоқ тұлғалармен пайдалануға болмайды, тек олардың қауіпсіздігі үшін жауапты тұлғамен бақылауда болғанда немесе онымен өткізілген аспапты қауіпсіз пайдалану жөніндегі нұсқаулықтан кейін рұқсат етіледі. Балаларға аспаппен ойнауға рұқсат бермеңіз.**
- Қоректендіру баусымын зақымдаған кезде, қауіпті болдырмас үшін, ол өндірушімен, Sharp Сервистік орталығымен авторластырылған сервистік агентпен немесе ұқсас біліктілігі бар тұлғалармен ауыстырылуы тиіс. Мәселелер туындағанда, сондай-ақ баптауды және жөндеуді орындау үшін жақын маңдағы Сервистік орталыққа жүгініңіз.
- Құрылғыны өз бетінше жөндемеңіз және бөлшектемеңіз.
- Суға арналған бакты толтыру кезінде, техникалық қызмет көрсетуді жүргізер алдында, сүзгіні шешіп алу, орнату, ауыстыру кезінде, сондай-ақ ұзақ уақыт пайдаланбаған кезде, міндетті түрде ашаны розеткадан алып тастаңыз. Бұл талапты сақтамау қысқа тұйықталуға әкеп соқтыруы мүмкін, ал бұл электр тоғымен зақымдалудың немесе өрттің себебі болуы ықтимал.
- Қоректендіру баусымы немесе ашасы зақымдалғанда немесе розеткаға тығыз орнатылмаса, құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Әлсін-әлсін ашадан шаңды тазартып отырыңыз.
- Кіру және шығу тесіктеріне саусақтарыңызды немесе бөгде заттарды тықпаңыз.
- Ашаны розеткадан алған кезде, баусымнан тартпаңыз, ашаның өзінен ұстап, тартыңыз. Бұл талапты сақтамау қысқа тұйықталуға әкеп соқтыруы мүмкін, ал бұл электр тоғымен зақымдалудың немесе өрттің себебі болуы ықтимал.
- Қоректендіру баусымын зақымдамау үшін абай болыңыз. Құрылғыны алған кезде, қоректендіру баусымын дөңгелекшелермен зақымдап алмаңыз. Бұл талапты сақтамау электр тоғымен зақымдалуға, жылудың шығуына немесе тұтануға себеп болуы мүмкін.
- Сулы қолмен ашаны розеткадан суырмаңыз.
- Құрылғыны газ аспаптары немесе каминдердің жанында пайдаланбаңыз. Құрылғыны газ аспаптарымен бірге бір бөлмеде пайдаланған кезде, бөлмені әлсін-әлсін желдетіп отыру керек, әйтпегенде, бұл иіс газымен улануға әкеп соқтыруы мүмкін.
- Құрылғыны инсектицидті аэрозолі бар бөлмелерде пайдаланбаңыз. Құрылғыны ауасында майдың қалдықтары, хош иістер, жағылған темекіден ұшқындар немесе химиялық бу бар бөлмелерде пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны судан алшақ сақтаңыз. Құрылғыны ол сулануы мүмкін бөлмелерде, мысалы, жуынатын бөлмеде, пайдаланбаңыз.
- Құрылғыға судың тиюіне жол бермеңіз. Бұл қысқа тұйықталудың немесе электр тоғымен жарақаттанудың себебі болуы мүмкін.
- Құрылғыны тазалаған кезде абай болыңыз. Қатты агрессивті тазалау құралдары сыртқы бетін зақымдауы мүмкін.
- Құрылғының орнын ауыстыру қажет болған жағдайда, алдымен Суға арналған бакты және Ылғалдандыру табандығын алып шығыңыз, содан кейін екі жағынан тұтқасынан ұстаңыз.
- Ылғалдандыру табандығынан немесе Суға арналған бактан суды ішпеңіз.
- Күн сайын Суға арналған бакқа таза құбырлық су құю керек, сондай-ақ жүйелі түрде Суға арналған бак пен Ылғалдандыру табандығын тазартып

отыру қажет. Құрылғы пайдаланбаған кезде, Суға арналған бактан және Ылғалдандыру табандығынан суды ағызып алыңыз. Суға арналған бактағы немесе Ылғалдандыру табандығындағы су зең, бактериялар және жағымсыз иістің пайда болуына әкеп соқтыруы мүмкін. Сирек жағдайда мұндай бактериялар денсаулық үшін қауіпті болуы мүмкін.

## ЕСКЕРТУ

– Егер құрылғы радио немесе телесигналды қабылдауға кедергі келтіретін болса, не істеу керек

Егер ауа тазартқыш радио немесе телесигналды қабылдауға кедергі келтіретін болса, онда келесі іс-әрекеттердің біреуін немесе бірнешеуін орын-даңыз:

- Қабылдау антеннасын баптаңыз немесе орналасу күйін ауыстырыңыз.
- Құрылғы және радиоқабылдағыш пен теледидар арасындағы қашықтықты ұлғайтыңыз.
- Жабдықты радиоқабылдағыш немесе теледидар қосылған тізбектен өзге жердегі тізбекке іске қосыңыз.
- Дилерге немесе теле- және радиожабдық бойынша білікті техникке жүгініңіз.

## ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

- Кіру және шығу тесігін жаппаңыз.
- Құрылғыны пеш немесе қыздырғыш сияқты ыстық заттардың немесе ол бумен жанасуы мүмкін орындардың жанына немесе солардың үстіне қоймаңыз.
- Құрылғыны үнемі тік күйінде пайдаланңыз.
- Құрылғыны жұмыс істеп тұрған кезде орнынан қозғамаңыз.
- Құрылғыны дөңгелекшелері арқылы орнынан қозғамаңыз немесе бағытын өзгертпеңіз.
- Егер құрылғы нәзік еден жабынында, тегіс емес үстіңгі бетте немесе түгі қалың кілемде тұратын болса, оның орнын ауыстырған кезде, сәл көтеріңіз.
- Құрылғыны дөңгелекшелері арқылы көлденең бағытта баяу жылжытуға болады.

- Орнын ауыстырған кезде, құрылғыны сөндіріңіз және саусақтарыңызды қысып алмай, Суға арналған бакты ұқыптап алып шығыңыз.
- Құрылғыны сүзгілер, Суға арналған бак немесе Ылғалдандыру табандығы дұрыс орнатылмаған жағдайда, пайдалануға тыйым салынады.
- HEPA-сүзгіні және Иіссіздендіретін сүзгіні жумаңыз және екінші рет пайдаланбаңыз. Бұл сүзгінің жұмысын жақсартпайды және электр тоғымен зақымдалуға немесе жұмыстағы ақауларға әкеп соқтыруы мүмкін.
- Сыртқы бетін тек жұмсақ матамен ғана тазалаңыз. Ұшпа сұйықтықтарды немесе жуу құралдарын пайдаланбаңыз. Бояуға арналған бензин сұйылтқышты немесе өңдеу ұнтағын пайдаланған кезде, құрылғының беті зақымдалуы немесе жарықшақтануы мүмкін. Сондай-ақ бұл датчиктерді істен шығаруы мүмкін.
- Қақты тазалау жиілігі пайдаланылатын судың кермектігіне және құрамында қоспалардың болуына байланысты; су неғұрлым кермек болса, қақты соғұрлым жиі тазалау керек.
- Суға арналған бакты толтырған кезде одан судың ақпайтынына көз жеткізіңіз.
- Суға арналған бактың сыртындағы артық суды міндетті түрде сүртіп тастаңыз.
- Ыстық суды (40°C немесе одан жоғары), химиялық заттарды, хош иісті заттарды немесе өзге де зиянды заттарды пайдаланбаңыз. Бұл құрылғының деформациялануына немесе мүлдем істен шығуына әкеп соқтыруы мүмкін.
- Тек таза құбырлық суды пайдаланыңыз. Судың басқа көздерін пайдалану зеңнің, саңырауқұлақша немесе бактериялардың өсу қаупіне жол береді.
- Суға арналған бакты тасымалдауға арналған тұтқасынан ұстай отырып, шайқамаңыз.
- Ылғалдандыру сүзгісін Сүзгіге арналған жиектемеден шешпеңіз, тек оны ауыстырғанда ғана.
- Ылғалдандыру табандығын алғанда немесе тазалағанда, суды төкпеуге тырысыңыз.
- Қалтқы мен Аунақшаны шешпеңіз. Егер Қалтқы немесе Аунақша шығып кетсе, 13-бетті қараңыз.



- Ылғалдандыру табандығы мен Қақпаға техникалық қызмет көрсетуді жүргізген кезде, тек нұсқаулықпен көзделген жуу құралдарын ғана пайдаланыңыз. Өзге жуу құралдарын пайдалану деформацияға, күңгірттенуге, жарылуына (судың ағып кетуі) әкеп соқтыруы мүмкін.
- Артқы панельді щеткамен тазаламаңыз.

## ОРНАТУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛАР

- Датчиктер тікелей желдің ықпалына ұшырайтын жерлерге қоймаңыз. Бұл құрылғыны істен шығаруы мүмкін.
- Құрылғы жиһаз, мата немесе ауаның кіруі мен шығуына кедергі келтіретін өзге заттармен жанасуы мүмкін жерлерге қоймаңыз.
- Құрылғы конденсация қаупіне немесе температураның күрт ауытқуына ұшырауы мүмкін жерлерге орнатпаңыз. Бөлмедегі лайықты температура 0 бастап 35°C дейін құрайды.
- Құрылғыны ауа циркуляциясы жеткілікті

жазық және тұрақты бетке орнатыңыз. Егер құрылғы қалың кілем үстінде тұрса, ол сәл вибрациялауы мүмкін. Суға арналған бактан және Ылғалдандыру табандығынан судың ағып кетуін болдырмас үшін, құрылғы жазық жерде тұруы тиіс.


- Май немесе майлы түтін түзілетін жерлеге қоймаңыз. Бұл құрылғының сыртқы бетінің жарылуына және датчиктердің бұзылуына әкеп соқтыруы мүмкін.
- Құрылғы, тіпті қабырғадан 3 см қашықтықта орналасса да, шаңды жақсы сіңіреді (мынаны ескеріңіз, айналасындағы қабырға мен еден ластануы мүмкін). Құрылғыны қабырғадан біршама қашықтықта орнатыңыз. Тура шығу тесігінің артындағы қабырға ластануы мүмкін. Құрылғыны сол бір ғана жерде ұзақ пайдаланған кезде, әлсін-әлсін оған жақын қабырғаларды тазартып отырыңыз.

## СҮЗГІЛЕРДІ ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛАР



- Сүзгілерге тиісті күтім мен техникалық қызмет көрсету үшін осы нұсқаулықта берілген нұсқаулықтарды сақтаңыз.

# БӨЛШЕКТЕРДІҢ АТАУЫ

## БАСҚАРУ ПАНЕЛІ



## ДИСПЛЕЙ



1	<b>Датчик (ішкі)</b> Иіс / Температура / Ылғалдылық						
2	<b>Жарықталу датчигі</b>						
3	<b>Қоректендіруді іске қосу/сөндіру батырмасы</b>						
4	<b>АВТО батырмасы, индикатор (ақ)</b>						
5	<b>Режим батырмасы, индикатор (ақ)</b>						
6	<b>Ылғалдандыруды іске қосу/сөндіру батырмасы, индикатор (ақ)</b> (3 сек. басы) <b>Сүзгіні арылту батырмасы</b>						
7	<b>Сүзгілерге техникалық қызмет көрсету қажеттілігінің индикаторы (қызыл)</b>						
8	<b>Ионды душпен тазалау батырмасы, индикатор (ақ)</b>						
9	<b>Іске қосу/сөндіру таймерінің батырмасы, индикатор (ақ)</b>						
10	<b>Дисплейді ажыратып-қосу батырмасы</b> (3 сек. басы) <b>Балалардан бұғаттау батырмасы</b>						
11	<b>Балалардан бұғаттау индикаторы (ақ)</b>						
12	<b>Генераторды ауыстыру батырмасы (қызыл)</b>						
13	<b>Тазалық индикаторы</b> • Түстің өзгеруімен бөлмедегі ауа тазалығын бес деңгейде көрсетеді:  <table style="margin-left: 40px;"> <tr> <td style="text-align: center;">Таза</td> <td style="text-align: center;">Көк</td> </tr> <tr> <td style="text-align: center;">↑</td> <td style="text-align: center;">↓</td> </tr> <tr> <td style="text-align: center;">Таза емес</td> <td style="text-align: center;">Қызыл (жылдам жыпылықтайды)</td> </tr> </table>	Таза	Көк	↑	↓	Таза емес	Қызыл (жылдам жыпылықтайды)
Таза	Көк						
↑	↓						
Таза емес	Қызыл (жылдам жыпылықтайды)						


14	<b>PM2,5 индикаторы (ақ)</b> Шаңның сезгіш датчигі микроскопиялық шаңды анықтағанын көрсетеді.																					
15	<b>Шаңдағандықтың индикаторы (ақ)</b> Шаңның сезгіш датчигі кәдімгі шаңды анықтағанын көрсетеді.																					
16	<b>Иіс индикаторы (ақ)</b> Иіс датчигі иістерді анықтағанын көрсетеді.																					
17	<b>Плазмакластерлік иондар индикаторы (көк)</b>																					
18	<b>Ылғалдандыру индикаторы</b> <table style="width: 100%;"> <tr> <td style="width: 50%;"><b>Ақ</b></td> <td>Ылғалдандыру ҚОСУ</td> </tr> <tr> <td><b>Ажырат</b></td> <td>Ылғалдандыру АЖЫПАТ</td> </tr> <tr> <td><b>Қызыл</b> (жыпылықтайды)</td> <td>құрылғыда су жоқ</td> </tr> </table>	<b>Ақ</b>	Ылғалдандыру ҚОСУ	<b>Ажырат</b>	Ылғалдандыру АЖЫПАТ	<b>Қызыл</b> (жыпылықтайды)	құрылғыда су жоқ															
<b>Ақ</b>	Ылғалдандыру ҚОСУ																					
<b>Ажырат</b>	Ылғалдандыру АЖЫПАТ																					
<b>Қызыл</b> (жыпылықтайды)	құрылғыда су жоқ																					
19	<b>Дисплей</b> (*Болжалды сандар келтірілген) <ul style="list-style-type: none"> <li>• <b>Таймер</b> Белгіленген немесе Іске қосу/сөндіру таймері іске қосылғанға дейін қалған уақыт көрсетіледі. <b>3H</b></li> <li>• <b>Ылғалдылығы*</b> 25 % бастап 75 % дейінгі ылғалдылық көрсетіледі.  <table style="margin-left: 40px;"> <tr> <td>24 % және одан төмен</td> <td><b>Lo %</b></td> <td>↔</td> <td><b>55 %</b></td> <td>↔</td> <td><b>Hi %</b></td> <td>76 % және одан жоғары</td> </tr> </table> </li> <li>• <b>Температура*</b> 0 бастап 50°C дейінгі температура көрсетіледі.  <table style="margin-left: 40px;"> <tr> <td>-1°C және одан төмен</td> <td><b>Lo °C</b></td> <td>↔</td> <td><b>25 °C</b></td> <td>↔</td> <td><b>Hi °C</b></td> <td>51°C және одан жоғары</td> </tr> </table> </li> <li>• <b>PM2,5* концентрациясы</b> 10 мкг/м<sup>3</sup> бастап 499 мкг/м<sup>3</sup> дейінгі PM2,5 көрсетіледі.  <table style="margin-left: 40px;"> <tr> <td>9 мкг/м<sup>3</sup> және одан төмен</td> <td><b>Lo <sup>мкг/м<sup>3</sup></sup></b></td> <td>↔</td> <td><b>34 <sup>мкг/м<sup>3</sup></sup></b></td> <td>↔</td> <td><b>Hi <sup>мкг/м<sup>3</sup></sup></b></td> <td>500 мкг/м<sup>3</sup> және одан жоғары</td> </tr> </table> </li> <li>• <b>Қуаттылығы*</b> Ағымдағы жұмыс істеу режиміндегі қуаттылық көрсетіледі. <b>20 Вт</b></li> </ul>	24 % және одан төмен	<b>Lo %</b>	↔	<b>55 %</b>	↔	<b>Hi %</b>	76 % және одан жоғары	-1°C және одан төмен	<b>Lo °C</b>	↔	<b>25 °C</b>	↔	<b>Hi °C</b>	51°C және одан жоғары	9 мкг/м <sup>3</sup> және одан төмен	<b>Lo <sup>мкг/м<sup>3</sup></sup></b>	↔	<b>34 <sup>мкг/м<sup>3</sup></sup></b>	↔	<b>Hi <sup>мкг/м<sup>3</sup></sup></b>	500 мкг/м <sup>3</sup> және одан жоғары
24 % және одан төмен	<b>Lo %</b>	↔	<b>55 %</b>	↔	<b>Hi %</b>	76 % және одан жоғары																
-1°C және одан төмен	<b>Lo °C</b>	↔	<b>25 °C</b>	↔	<b>Hi °C</b>	51°C және одан жоғары																
9 мкг/м <sup>3</sup> және одан төмен	<b>Lo <sup>мкг/м<sup>3</sup></sup></b>	↔	<b>34 <sup>мкг/м<sup>3</sup></sup></b>	↔	<b>Hi <sup>мкг/м<sup>3</sup></sup></b>	500 мкг/м <sup>3</sup> және одан жоғары																

## ЖАРЫҚТАЛУ ДАТЧИГИ


«Жарықтандыруды реттеу» режимі үшін «Авто» мәні белгіленгенде, Дисплей және Тазалық индикаторы бөлменің жарықталуына қарай автоматты түрде жанады және сөнеді. (10-бет)

### ЕСКЕРТУ Жарықталу датчигін анықтау ауқымы

Құрылғыны келесі жерлерде орнатпаңыз. Жарықталу датчигі қате жұмыс істеуі мүмкін.



# КОРПУСЫ



1	Басқару панелі / дисплей
2	Ауаға арналған шығу тесігі (алдынан)
3	Корпусы
4	Дөңгелекше (4 позиция)
5	Дөңгелекше тежеуіші (оң және сол жақ)
6	Генератор ұстағышы* (Плазмакластерлік иондар генераторы)
7	Генераторды тазалауға арналған қылшақ*
8	Генератордың қақпасы*
9	Бак тұтқасы
10	Суға арналған бак
11	Бак қақпасы
12	Ылғалдандыру сүзгісі
13	Ылғалдандыру табандығы
14	Табандық панелі
15	Қалтқы
16	Аунақша
17	Ауаға арналған шығу тесігі (артынан)
18	Тұтқа (2 позиция)
19	Сүзгі датчигі / датчик (ішкі) Шаңның сезгіш датчигі
20	Қоректендіру баусымы, аша (ашаның пішіні елге байланысты)
21	HEPA-сүзгі
22	Иіссіздендіретін сүзгі
23	Артқы панель
24	Ауаға арналған кіру тесігі

\* Генератор ретінде Плазмакластерлік иондар генераторы түсініледі. (Сол сияқты төменде де.)

• Осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта KI-N41R моделі бейнеленген.




## СҮЗГІНІ ОРНАТУ


### 1. Артқы панельді шешіңіз.



### 2. Әр сүзгіден полиэтилен пакетін шешіп алыңыз.



### 3. Сүзгілерді суретте көрсетілгендей дұрыс тәртіпте орнатыңыз.



### 4. Артқы панельді орнатыңыз.



#### ЕСКЕРТУ


- Сүзгіні ауыстырған кезде, оны пайдалануды бастаған күнді жазып алуға кеңес беріледі.

## СУҒА АРНАЛҒАН БАКТЫ ТОЛТЫРУ


### 1. Суға арналған бакты алып шығыңыз.




### 2. Суға арналған бакқа құбырлық суды құйыңыз.



### 3. Ағып кетуді болдырмас үшін Бак қақпасын мықтап бұраңыз.




### 4. Суға арналған бакты орнатыңыз.



# ПАЙДАЛАНУ


## СТАРТ/СТОП



### ЕСКЕРТУ

- Құрылғы ол бұған дейін жұмыс істеген соңғы режимде іске қосылады.

## ЫЛҒАЛДАНДЫРУДЫ БАПТАУ




### ЕСКЕРТУ

- Төменде кестеде көрсетілген режимдерде іске қосылған Ылғалдандырумен жұмыс кезінде, құрылғы, температура мен ылғалдылықтың көрсеткіштерін анықтай отырып, ылғалдылықты автоматты түрде қадағалайды. (МАКС / ОРТА / ТӨМЕН режимдерін қоспағанда)

Температура (Т)	Ылғалдылығы	
	БАРЛЫҚ РЕЖИМДЕР*	ҰЙҚЫ РЕЖИМІ
$T < 18\text{ }^{\circ}\text{C}$	65 %	65 %
$18\text{ }^{\circ}\text{C} \leq T < 24\text{ }^{\circ}\text{C}$	60 %	65 %
$24\text{ }^{\circ}\text{C} \leq T < 28\text{ }^{\circ}\text{C}$	55 %	60 %
$28\text{ }^{\circ}\text{C} \leq T$	45 %	50 %


\* МАКС / ОРТА / ТӨМЕН / ҰЙҚЫ режимдерін қоспағанда

## АВТОМАТТЫ РЕЖИМ



Желдеткіштің айналу жылдамдығы алты көрсеткішке байланысты реттеледі (PM2,5 / Кәдімгі шаң / Иіс / Температура / Ылғалдылық / Жарықталуы)

## АУА КӨЛЕМІ МЕН РЕЖИМДІ ТАҢДАУ



### ТОЗАҢ:

Шаңның сезгіш датчигінің сезгіштігі автоматты түрде артады, ол шаң мен тозаң сияқты ластануды жылдам анықтайды және ауаны тиімді тазартады.

### ҰЙҚЫ:

Құрылғы тыныш жұмыс істейді, ал желдеткіштің айналу жылдамдығы ауадағы қоспалардың мөлшеріне қарай автоматты түрде өзгереді. «Жарықтандыруды реттеу» режимі үшін «Авто» мәні белгіленгенде, Дисплей және Тазалық индикаторы автоматты түрде сөнеді. ( 10 -бет)

## ИОНДЫ ДУШПЕН ТАЗАЛАУ РЕЖИМИ

10 минут бойы құрылғы плазмакластерлік иондардың қатты ағынын шығарады және статикалық электрленуді азайта отырып, шаңды жинайды. Содан кейін Шаңның сезгіш датчигінің сезгіштігі автоматты түрде артады, ол ластануды жылдам анықтайды және 50 минут бойы ауаны қатты тазартады.



### ЕСКЕРТУ

- Осы операцияны аяқтаған соң, 60 минуттан кейін құрылғы жұмыстың алдыңғы режиміне оралады. Бұл режимде басқа режимге ауысуға болады.
- Плазмакластерлік иондардың генерациясын сөндіру мүмкін емес.


## ДИСПЛЕЙДІ АЖЫРАТЫП-ҚОСУ



## БАЛАЛАРДАН БҰҒАТТАУ

Басқару панелі бұғатталады.

(құрылғы іске қосылған немесе сөнген кезде)



## ІСКЕ ҚОСУ/СӨНДІРУ ТАЙМЕРІ


### ІСКЕ ҚОСУ ТАЙМЕРІ:

Қалаулы уақытты таңдаңыз. Белгіленген уақыт аяқталғанда, құрылғы автоматты түрде іске қосылады.

### СӨНДІРУ ТАЙМЕРІ:

Қалаулы уақытты таңдаңыз. Белгіленген уақыт аяқталғанда, құрылғы автоматты түрде сөнеді.

(ІСКЕ ҚОСУ ТАЙМЕРІ: сөніп тұрған құрылғы кезінде)  
(СӨНДІРУ ТАЙМЕРІ: іске қосылған құрылғы кезінде)



### ЕСКЕРТУ

### ІСКЕ ҚОСУ ТАЙМЕРІ:

- Егер 8 секунд ішінде іс-әрекеттер жасалмаса, баптау дыбыстық сигналмен аяқталады. ІСКЕ ҚОСУ/СӨНДІРУ ТАЙМЕРІНІҢ индикаторы жанады және жұмыс басталғанша дейінгі қалған уақыт көрсетіледі.
- Таймерді Іске қосу/сөндіру таймерінің батырмасын қайта басу арқылы арылтуға болады.

### СӨНДІРУ ТАЙМЕРІ:

- Егер 8 секунд ішінде іс-әрекеттер жасалмаса, баптау дыбыстық сигналмен аяқталады. Дисплей алдыңғы күйіне оралады.
- Баптауды аяқтағаннан кейін, жұмыс істеудің қалған уақытын көрсету үшін, Іске қосу/сөндіру таймерінің батырмасын бір рет басыңыз және таймерді арылту үшін екі рет басыңыз.

# ТҮРЛІ БАПТАУЛАРДЫ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРТЕДІ


10, 11 -беттегі кестеде көрсетілген функцияларды өзгертуге болады.

## 1. (сөніп тұрған құрылғы кезінде)



3 сек. басу


## 2. «Функция нөмірін» таңдаңыз.



Белгілеу



## 3. «Баптау нөмірін» таңдаңыз.



Белгілеу



## 4. Баптау режимінен шығу үшін Қоректендіруді іске қосу/сөндіру батырмасын басыңыз.



Функция	Баптау
<p><b>F1</b></p> <p><b>Жарықтандыруды реттеу</b></p> <p>Дисплей мен Тазалық индикаторының жарықтығын таңдауға болады.</p>	<p><b>01 Сөндірілген</b></p> <p>«Жарықтандыруды реттеу» параметрі үшін «Сөндірілген», «Күңгірт» мәндері белгіленген кезде, жарықтандыру жұмыс басталғаннан кейін 8 секунд бойы жанады, сондан кейін сөнеді. Ылғалдандыру индикаторы тек құрылғыға су қую керек болған кезде ғана қошқыл боп жыпылықтайды. Генераторды ауыстыру индикаторы тек Плазмакластерлік иондар генераторын ауыстыру қажеттілігі болғанда ғана қошқыл боп жыпылықтайды.</p> <p><b>02 Күңгірт</b></p> <p><b>03 Авто</b> (әдепкілік қалып бойынша)</p> <p>Жарықтандыру бөлменің жарықталуына байланысты автоматты түрде іске қосылады немесе сөнеді.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Бөлмеде жарық: жарықтандыру ҚОСУ</li> <li>• Бөлмеде қараңғы: жарықтандыру АЖЫПАТ</li> </ul> <p>Тіпті егер бөлмеде жарық болса да, құрылғы ұйқы режимінде жұмыс істеген кезде, жарықтандыру сөнеді.</p>




Функция	Баптау
<b>F2</b> <b>Плазмакластерлік иондар ҚОСУ/ АЖЫРАТ</b>	<b>01 АЖЫРАТ</b> <b>02 ҚОСУ</b> (әдепкілік қалып бойынша)
<b>F3</b> <b>Автоматты қайта іске қосу</b> Егер құрылғы желіден ажыратылған немесе қоректендіруде ағаттық болса, онда қоректендіру қалпына келген кезде, ол жұмысын алдыңғы баптаулармен бастайды	<b>01 АЖЫРАТ</b> <b>02 ҚОСУ</b> (әдепкілік қалып бойынша)
<b>Датчиктің сезгіштігін баптау (F4 - F6)</b>	
<b>F4 Жарықталу датчигі</b>	<b>01 Төмен</b>
<b>F5 Шаңның сезгіш датчигі</b>	<b>02 Қалыпты</b> (әдепкілік қалып бойынша)
<b>F6 Иіс датчигі</b>	<b>03 Жоғары</b>
<b>F7</b> <b>Дыбыстық индикаторды баптау</b> Құрылғыны Суға арналған бак бос болғанда, дыбыстық белгі беруге баптауға болады.	<b>01 АЖЫРАТ</b> (әдепкілік қалып бойынша) <b>02 ҚОСУ</b>






## КҮТІМ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАРДЫҢ НҰСҚАУЫ



	Орны	Бет
1	Корпусы	12
2	Суға арналған бак	12
3	Ылғалдандыру сүзгісі/ Ылғалдандыру табандығы	13
4	Артқы панель / Датчиктер	14
5	HEPA-сүзгісі/ Иіссіздендіретін сүзгі	14
6	Плазмакластерлік иондар генераторы	15

## КОРПУСУЫ

Құрғақ жұмсақ матамен сүртіңіз.



## СҮЗГІЛЕРГЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ҚАЖЕТТІЛІГІНІҢ ИНДИКАТОРЫ

Пайдаланудың жиынтық кезеңі немесе судың болуының кезеңі шамамен 720 сағаттан асқан кезде, сүзгілерге техникалық қызмет көрсету қажеттілігінің индикаторы жанады.

- Құрылғы желіден ажыратылған уақыт ескерілмейді.
- 30 күн × 24 сағат = 720 сағат


Бұл Ылғалдандыру сүзгісі мен табандық, Корпус, Артқы панель мен датчиктер үшін сипатталған техникалық қызмет көрсетуді жүргізу қажеттілігі туралы еске салу.

Техникалық қызмет көрсетуді жүргізгеннен кейін, Техникалық қызмет көрсету қажеттілігінің индикаторын арылтыңыз.




## СУҒА АРНАЛҒАН БАК

Ішін сумен шайыңыз.



**ЕСКЕРТУ** Қиын кетірілетін ластануды қалай тазалайды.


Суға арналған бакты ішінен жұмсақ ысқышпен, ал бактың қақпасын – мақта таяқшасымен немесе тіс щеткасымен тазалаңыз.



Бактың қақпалары Тіс щеткасы



# ЫЛҒАЛДАНДЫРУ СҮЗГІСІ/ ЫЛҒАЛДАНДЫРУ ТАБАНДЫҒЫ

## 1. Ылғалдандыру сүзгісі мен табандықты шешіп алыңыз.





## 2. Судың көп мөлшерімен шайыңыз.

- Қалтқы мен аунақшаны шешпеңіз. Егер олар ағытылып кетсе, төмендегі нұсқауларды қараңыз.



## 3. Ылғалдандыру сүзгісін және табандықты орнатыңыз.

- Техникалық қызмет көрсетуді жүргізгеннен кейін, бөлшектерді өздерінің тиісті орындарына тиісті тәсілмен орнатыңыз.



### ЕСКЕРТУ Қиын кетірілетін ластануды қалай тазалайды.


	Ас үйге арналған жуу құралдары (тек Ылғалдандыру табандығы)	Лимон қышқылы (кейбір дәріханларда сатылады)	100% бөтелкедегі жұмсағы жоқ лимон шырыны
1	1. Науаны жартылау суға толтырыңыз. 2. Аз мөлшерде ас үйге арналған жуу құралын қосыңыз.	2 1/2 шыныаяқ су  3 шай қасық	3 шыныаяқ су  1/4 шыныаяқ
2	30 минутқа жібітіп қойыңыз 		30 минутқа жібітіп қойыңыз. (Егер қақты жою үшін лимон шырыны қолданылса, онда жібіту уақытын ұзарту керек).
3	Ас үйге арналған құралды немесе қақты жоюға арналған ерітіндіні таза сумен шайыңыз.		

### ЕСКЕРТУ Қалтқы мен Аунақшаларды қалай орнатады


#### Қалтқы

3. Қалтқының екінші бетіндегі тілшікті тесікке қойыңыз.


2. Қалтқының тілшігін тесікке қойыңыз.



1. Қалтқыны осы тілшіктің астына қойыңыз.




#### Аунақша



## АРТҚЫ ПАНЕЛЬ / ДАТЧИКТЕР

Шаңды мұқият тазалау құралының көмегімен, мысалы, шаңсорғышпен алып тастаңыз.



Артқы панель (Алдын ала тазалау сүзгісі)

### ЕСКЕРТУ


- Артқы панельге тазалаған кезде қатты баспаңыз.

**ЕСКЕРТУ** ын кетірілетін ластануды қалай тазалайды.

### Артқы панель

1. Суға аз мөлшерде ас үйге арналған жуу құралын қосыңыз және 10 минутқа жібітіңіз.
2. Ас үйге арналған жуу құралын таза сумен шайыңыз.
3. Сүзгіні жақсы желдетілетін бөлмеде толық кептіріңіз.


Артқы панель



### Датчик сүзгісі

1. Артқы панельді шешіңіз.
2. Датчик сүзгісін шешіп алыңыз.
3. Егер Датчик сүзгісі қатты ластанған болса, оны сумен шайыңыз және жақсылап кептіріңіз.

Датчик сүзгісі




## HEPA-СҮЗГІСІ / ИССІЗДЕНДІРЕТІН СҮЗГІ

Сүзгілерді шаңнан тазартыңыз.

### HEPA-сүзгі


Тек белгіленген бетін ғана тазартыңыз. Қарама-қарсы бетті тазаламаңыз. Сүзгі нәзік, сондықтан абай болыңыз және тым қатты баспаңыз.




### Иссіздендіретін сүзгі

Екі бетін де тазалауға болады. Оған қатты басса, сүзгі сынып қалуы мүмкін, сондықтан оны ұқыпты ұстау керек.

(KI-N41R)



(KI-N51R)



### ЕСКЕРТУ

- Сүзгілерді жумаңыз. Күн сәулесінің түсуіне жол бермеңіз. (Әйтпегенде бұл сүзгілер тиімділігін жоғалтуы мүмкін)
- Сүзгімен сіңірілетін кейбір иістер уақыт өтісімен қосымша иістерге бөлшектенеді. Пайдалану талаптарына байланысты, әсіресе құрылғыны кәдімгі тұрмыстық жағдайларға қарағанда, әлдеқайда қатал жағдайда пайдаланған кезде, мұндай иістер күтілетін уақыттан бұрын сезілуі мүмкін. Мұндай жағдайда, егер техникалық қызмет көрсетуден кейін шаңды жою мүмкін болмаса, сүзгіні ауыстыру қажет.



# ПЛАЗМАКЛАСТЕРЛІК ИОНДАР ГЕНЕРАТОРЫ

(Электрод учаскесі)


## 1. Генератордың қақпасын шешіп алыңыз және Генератор ұстағышын алып шығыңыз.



## 2. Электрод учаскесінен шаңды тазалаңыз.




## 3. Генератор ұстағышын құрылғыға қойыңыз және Генератор қақпасын орнатыңыз.



### ЕСКЕРТУ

- Тазалауды тек арнайы Генераторды тазалауға арналған қылшақпен жүргізуге ғана рұқсат етілген. Басқа құралдарды пайдалану Генератор жұмысындағы ақауларға әкеп соқтыруы мүмкін.
- Тазалау кезінде майысқан электрод ажырап, түсіп қалуы мүмкін, бірақ бұл құрылғының жұмысына әсер етпейді.
- Электродтың өзінен баспаңыз. Бұл ауруды сезінуге/қышымаға әкеп соқтыруы мүмкін.
- Электрод учаскесін ауыстырмаңыз. Бұл оны зақымдауы мүмкін.
- Клеммаларға баспаңыз. Бұл оларды зақымдауы мүмкін.





## СҮЗГІЛЕР

### СҮЗГІЛЕРДІҢ ҚЫЗМЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ

Сүзгінің қызмет ету мерзімі бөлмедегі талаптарға, пайдалану талаптарына, сондай-ақ құрылғының орналасу орнына байланысты. HEPA-сүзгі мен Ылғалдандыру сүзгісінің қызмет ету мерзімі, сондай-ақ оларды ауыстыру бойынша ұсынымдар күніне бес темекі шегілетін бөлменің ауасын тазартуды есепке ала отырып, келтірілген, ал шаң аулау және иістерді жою функциясы жаңа сүзгінің жұмысымен салыстырғанда, екі есе азайған. Егер құрылғы кәдімгі тұрмыстық жағдайларға қарағанда, әлдеқайда қатал жағдайда (PM2,5 және т.б.) пайдаланылса, сүзгіні жиірек ауыстыруға кеңес беріледі

- HEPA-сүзгі : Ашқаннан кейін шамамен 10 жылдан кейін
- Иіссіздендіретін сүзгі : Ашқаннан кейін шамамен 10 жылдан кейін
- Ылғалдандыру сүзгісі : Ашқаннан кейін шамамен 10 жылдан кейін

### АУЫСПАЛЫ СҮЗГІНІҢ МОДЕЛІ

Ауыспалы сүзгіні сатып алған кезде өз дилеріңізбен кеңесіңіз.

<p>HEPA-сүзгі (1 бірлік) <b>FZ-D40HFE</b></p>	
<p>(Тек KI-N41R моделі үшін) Иіссіздендіретін сүзгі (1 бірлік) <b>FZ-D40DFE</b></p>	
<p>(Тек KI-N51R моделі үшін) Иіссіздендіретін сүзгі (1 бірлік) <b>FZ-G40DFE</b></p>	

### Ылғалдандыру сүзгісі


(1 бірлік)

### FZ-J1XMFE

\* Сүзгіге арналған жиектемені тастамаңыз.

Ылғалдандыру сүзгісі

Сүзгіге арналған жиектеме



### СҮЗГІЛЕРДІ КӨДЕГЕ ЖАРАТУ

Пайдаланылған сүзгілерді жергілікті заңдар мен қағидаларға сәйкес көдеге жарату керек.

### Материалы:

HEPA-сүзгі	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Полипропилен</li> <li>• Полиэтилен</li> </ul>
(Тек KI-N41R моделі үшін) Иіссіздендіретін сүзгі	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Полиэстр</li> <li>• Целлюлозды талшық</li> <li>• Белсендірілген көмір</li> </ul>
(Тек KI-N51R моделі үшін) Иіссіздендіретін сүзгі	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қағаз</li> <li>• БС-пластик</li> </ul>
Ылғалдандыру сүзгісі	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Полиэстэр</li> <li>• Целлюлозды талшық</li> </ul>

## ПЛАЗМАКЛАСТЕРЛІК ИОНДАР ГЕНЕРАТОРЫ

### ГЕНЕРАТОРДЫ АУЫСТЫРУ ИНДИКАТОРЫ

Жұмыс істеудің жалпы сағат саны 17 500 асқан кезде, генераторды ауыстыру индикаторы жанады, бұл Плазмакластерлік иондар генераторын ауыстыру қажет екенін білдіреді.

Жұмыс уақыты	Түсініктемесі
<p>17 500 сағат</p> <p>TO</p> <p>Flash slowly</p>	Плазмакластерлік иондар генераторын ауыстырыңыз
<p>19 000 сағат</p> <p>TO</p> <p>Жылдам жыпылықтайды</p>	Плазмакластерлік иондар генераторы Плазмакластерлік иондарды шығармайды.


\* Ауыстыру уақыты таңдап алынған жұмыс режиміне байланысты емес.

## ПЛАЗМАКЛАСТЕРЛІК ИОНДАР ГЕНЕРАТОРЫНЫҢ АУЫСПАЛЫ МОДЕЛІ


Плазмакластерлік иондардың ауыспалы генераторын сатып алған кезде өз дилеріңізбен кеңесіңіз.

### **IZ-C90ME**

Генератор ұстағышының фиксаторын ① шешіп алыңыз және Плазмакластерлік иондар генераторын алып шығыңыз ②.



Генератор ұстағышының фиксаторын ① шешіп алыңыз және жаңа генераторды орнатыңыз.



- Плазмакластерлік иондар генераторын жаңасына ауыстырғаннан кейін, таймер қайтадан 19 000 сағат көрсеткішіне түседі.

## ПЛАЗМАКЛАСТЕРЛІК ИОНДАР ГЕНЕРАТОРЫН КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

Пайдаланылған Плазмакластерлік иондар генераторын жергілікті заңдар мен қағидаларға сәйкес кәдеге жарату керек.

### **Материалы:**

- Полибутилентерефталат
- электрондық компоненттер

# АҚАУЛЫҚТАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ

Сервистік орталыққа жүгінбес бұрын, төменде келтірілген Ақауларды іздеу тізбесін қараңыз, өйткені мәселе құрылғының ақаулығына байланысты болмауы да мүмкін.

### **Иіс пен түтін сақталады.**

- Сүзгілерді тексеріңіз. Егер олар қатты ластанған болса, оларды тазалаңыз немесе ауыстырыңыз.

### **Құрылғыдан шығатын ауа жағымсыз иіске ие.**

- Сүзгілердің ластану дәрежесін тексеріңіз.
- Сүзгілерді тазалаңыз және ауыстырыңыз.
- Тек таза құбырлық суды ғана пайдаланыңыз. Судың басқа көздерін пайдалану зең, саңырауқұлақша немесе бактериялардың өсу қаупін тудырады.

### **Құрылғы ауада темекі түтіні бар кезінде жұмыс істемейді.**

- Құрылғыны датчиктер темекі түтінін анықтай алатын жерде орналастыру керек.
- Шаңның сезгіш датчигінің тесіктері жабылған/ластанған еместігін тексеріңіз. Егер олар жабық немесе ластанған болса, Датчик сүзгісін немесе Артқы панельді тазалаңыз.

### **Жаңа құрылғыдан және/немесе сүзгіден иіс шығады.**

- Полиэтилен пакетін шешкеннен кейін, бірден жеңіл иіс сезінуі мүмкін. Бұл иіс сүзгі жұмысы үшін де, адам үшін де зиянды болып табылмайды.

### **Құрылғы шерту немесе тықылдайтын дыбыс шығарады.**

- Құрылғы иондарды генерациялау кезінде шерту немесе тықылдайтын дыбыстарды шығаруы мүмкін.

### **Тіпті ауа таза болмаса да, тазалық индикаторы көк боп жанады.**

- Мүмкін, ауа, құрылғы розеткаға тығылған кезде ластанған шығар. Құрылғыны розеткадан суырыңыз, бір минут күтіңіз, сонда кейін қайтадан розеткаға салыңыз.



### **Тіпті ауа таза болса да, тазалық индикаторы қызыл боп жанады.**

- Шаңның сезгіш датчигінің кір немесе ластанған тесіктері оның жұмысына әсер етеді. Сүзгі датчигін немесе Артқы панельді ұқыптап тазалаңыз.

### **Тазалық индикаторы түсін жиі • ауыстырады.**

- Шаңның сезгіш датчигімен және Иіс датчигімен ластанулар анықталған жағдайда, тазалық индикаторы автоматты түрде түсін ауыстырады. Қалауыңызға қарай, датчиктің сезгіштігін өзгертуге болады. ( 10 , 11 -беттер)

### **Сүзгілерге техникалық қызмет көрсету қажеттілігінің индикаторы жанады.**

- Ылғалдандыру сүзгісіне техникалық қызмет көрсетуді жүргізгеннен кейін немесе ауыстырған соң, қоректендіру баусымын розеткаға қосу керек және содан кейін сүзгіні арылту батырмасын 3 секундтан артық басу қажет. ( 12 -бет)

### **Дисплей сөндірілген.**

- «Жарықтандыруды реттеу» параметрі үшін «Авто» мәні белгіленгенде, жарықтандыру, бөлмеде қараңғы немесе құрылғы ұйқы режимінде жұмыс істегенде, автоматты түрде іске қосылады. Одан басқа, «Жарықтандыруды реттеу» параметрі үшін «Сөндірілген» мәні белгіленсе, жарықтандыру үнемі сөніп тұрады. Егер сіз «Жарықтандыруды реттеу» параметрі үшін жарықтандыру жанып тұрғанын қаласаңыз, «Күнгірт» мәнін белгілеу қажет. ( 10 -бет)

### **Дисплей ауа райы болжамына немесе бөлмедегі басқа гигрометрде немесе термометрдегі көрсеткіштерге сәйкес келмейді.**

- Далада және бөлмеде, сондай-ақ үй жағдайында қозғалыс қарқындылығы, үйдің қабаты және т.б.) көрсеткіштер бұл деректерден ерекшеленуі мүмкін.
- Бір бөлме шегіндегі деңгей әр түрлі.


### **Бак бос болғанда, Ылғалдандыру индикаторы дисплейде жанбайды.**

- Бөлмеде ылғалдылықтың тиісті деңгейіне қол жеткізілген және ылғалдандыру тоқтатылды.
- Көбікполистирол қалтқыны ластануға қатысты тексеріңіз. Ылғалдандыру табандығын тазалаңыз. Құрылғы жазық бетте тұрғанына көз жеткізіңіз.

### **Бақтағы су деңгейі төмендемейді немесе баяу төмендейді.**

- Ылғалдандыру науасы мен Суға арналған бактың дұрыс орнатылуын тексеріңіз. Ылғалдандыру сүзгісін тексеріңіз.
- Егер сүзгі қатты ластанған болса, тазалаңыз немесе оны ауыстырыңыз.

### **ҚАТЕЛЕРДІ КӨРСЕТУ**

	<ul style="list-style-type: none"><li>• Плазмакластерлік иондардың концентрациясы төмендейді. Плазмакластерлік иондар генераторына (электрод учаскесіне) техникалық қызмет көрсетуді жүргізіңіз.</li></ul>
	<ul style="list-style-type: none"><li>• Ылғалдандыру сүзгісінің, Ылғалдандыру табандығы және Ауақшаның дұрыс орнатылуына көз жеткізіңіз, содан кейін қоректендіруді іске қосыңыз.</li></ul>
	<ul style="list-style-type: none"><li>• Плазмакластерлік иондар генераторының дұрыс қойылғанына көз жеткізіңіз. Плазмакластерлік иондар генераторын алып шығыңыз және оны қайтадан соңына дейін орнатыңыз, содан кейін операцияны қайталаңыз.</li></ul>
	<ul style="list-style-type: none"><li>• Құрылғыны розеткадан суырыңыз, бір минут күтіңіз, содан кейін қайтадан розеткаға қосыңыз.</li></ul>

# ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Моделі		KI-N51R			KI-N41R		
Электр қоректендіру		220 - 240 В ~ 50 - 60 Гц					
Желдеткіш жылдамдығын реттеу		МАКС	ОРТА	ТӨМЕН	МАКС	ОРТА	ТӨМЕН
АУАНЫ ТАЗАРТУ	Вентилятор жылдамдығы (м <sup>3</sup> / сағ)	306	168	60	240	150	60
	Номиналды қуаттылығы (Вт)	51	17	5,5	29	14	5,5
	Шудың деңгейі (дБА) * <sup>1</sup>	51	40	17	46	38	17
АУАНЫ ТАЗАРТУ ЖӘНЕ ЫЛҒАЛДАНДЫРУ	Вентилятор жылдамдығы (м <sup>3</sup> / сағ.)	252	186	66	174	138	60
	Номиналды қуаттылығы (Вт)	32	22	6,7	17	15	6,5
	Шудың деңгейі (дБА) * <sup>1</sup>	47	43	20	38	35	19
	Ылғалдандыру (мл/сағ.) * <sup>2</sup>	600	480	200	440	370	190
Күту режиміндегі қуаттылық (Вт)		1,2					
Бөлменің ұсынылатын көлемі (м <sup>2</sup> ) * <sup>3</sup>		~ 38			~ 28		
Жоғары тығыздықтағы плазмакластерлік иондар бөлінген кездегі бөлменің ұсынылатын көлемі (м <sup>2</sup> ) * <sup>4</sup>		~ 21			~ 17		
Суға арналған бактың ыдысы (л)		Шамамен 2,7					
Датчиктер		Шаңның сезгіш датчигі/Иіс датчигі/Жарықталу датчигі/ Температура және ылғалдылық датчигі					
Сүзгі түрі		HEPA* <sup>5</sup> / Иіссіздендіретін/Ылғалдандыратын					
Баусымның ұзындығы (м)		2,0					
Өлшемдері (mm)		384 (Е) × 230 (Г) × 619 (Б)					
Салмағы (kg)		Шамамен 8,2					

- \*1 • Шудың деңгейі Электр жабдықтардың жапондық өндірушілер қауымдастығының JEM1467 стандартына сәйкес өлшенеді.
- \*2 • Ылғалдандыру дәрежесі бөлмеде және даладағы температура мен ылғалдылыққа байланысты өзгереді. Ылғалдандыру дәрежесі температура көтерілгенде немесе ылғалдылық төмендегенде ұлғаяды. Ылғалдандыру дәрежесі температура азайғанда немесе ылғалдылық артқанда төмендейді.
  - Өлшеу талаптары: 20°C, ылғалдылық 30% (JEM1426 стандартына сәйкес).
- \*3 • Бөлменің ұсынылатын көлемі құрылғының желдеткештің максималды жылдамдығымен жұмыс істеуіне сәйкес келеді.
  - Ұсынылатын бөлме көлемі – бұл 30 минут ішінде шаң бөлшектерінің белгілі мөлшері жойылуы мүмкін аудан (JEM1467 стандартына сәйкес).
- \*4 • Бөлме көлемі, оның ортасында шамамен еденнен 1,2 метр биіктікте құрылғыны қабырға жанында орнатқан кезде және ОРТА режимінде жұмыс істеп тұрғанда, бір куб сантиметрге шамамен 25 000 ионды өлшеуге болады.
- \*5 • Сүзгілер көлемі 0,3 мкм бастап бөлшектердің 99,97% астамын жояды (JEM1467 стандартына сәйкес).

## Күту режиміндегі қуаттылық

Құрылғының ашасы розеткаға қойылған кезде, ол электр тізбектерінің жұмысы үшін күту режиміндегі қуаттылықты тұтынады. Электр энергиясын үнемедеу үшін, құрылғыны пайдаланбаған кезде, розеткадан қоректендіру баусымының ашасын суырыңыз.

# ӨНІМНІҢ СЕРТИФИКАТТАЛУЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ



Ылғалдандыру функциясы бар ауа тазартқыш

Моделі **KI-N51R-W**  
**KI-N41R-W**  
**KI-N41R-H**

SHARP маркасының

ТЕСТБЭТ тұрмыстық электр техникасын сертификаттау жөніндегі органмен сертификатталған  
(Мемтізілімдегі тіркеу нөмірі RA.RU.11ME10)

Моделі: <b>KI-N51R-W</b> <b>KI-N41R-W</b> <b>KI-N41R-H</b>  нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келеді:	<b>KI-N51R-W</b> <b>KI-N41R-W</b> <b>KI-N41R-H</b>	ТР ТС 004/2011, ТР ТС 020/2011, ТР ЕАЭС 037/2016
Сәйкестілік сертификат № Жарамды:	ЕАЭС RU C-JP.ME10.B.00935/21 28.09.2026	
Сәйкестілік Декларация №: Жарамды:	ЕАЭС N RU Д-НК.РА01.В.15037/21 26.09.2026	

Электр тоғымен зақымдалудан қорғау класы II  
НОМИНАЛДЫ КЕРНЕУЛІК 220-240В ~  
НОМИНАЛДЫ ЖИІЛІК 50-60Гц

Өндірілген күні:

Өндірілген күні бұйымда көрсетілген

© Copyright SHARP Corporation 2021. Барлық құқықтары қорғалған.  
Құқық иесінің жазбаша рұқсатынсыз, авторлық құқықтың тиісті тарауларында көзделген жағдайларды қоспағанда, мәтінді қалпына келтіруге, өзгертуге немесе аударуға тыйым салынған.

#### Сауда белгілері туралы мәліметтер

Осы нұсқаулықта аты аталатын барлық сауда белгілері мен копирайттар тиісті авторлық құқық иелеріне тиесілі.

**Дайындаушы ел: Вьетнам**

**Дайындаушы фирма: Шарп Корпорейшн**

**Дайындаушының заңды мекенжайы:**

**1 Такуми-чо, Сакаи-ку, Сакаи Сити,  
Осака 590-8522 префектурасы, Жапония**

Ресейдегі импорттаушы: «Шарп Электроникс Раша» ЖШҚ

Мекенжайы: Ресей, 105120, Мәскеу, 2-ші Сыромятнический тұйық көшесі, 1

Телефоны: +7-495-899-00-77

